

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті**



**Студенттер арасындағы математика пәнінен Республикалық олимпиада
ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ
(2019 жылғы, 17-18 сәуір, Павлодар қаласы)**

Жалпы ережелері

Математика олимпиадасы – күндізгі оқу бөлімінде оқитын студенттер арасындағы сайыс, белгілі бір тапсырмаларды орындауды талап етеді.

Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері:

- ғылымға дарынды жастарды іріктеп тарту, республиканың ғылыми әлеуетін дамыту;
- студенттердің арасында өзіндік жұмыс дағдыларын дамыту;
- математика саласындағы біліммен іскерліктерін тереңдету;
- болашақ дарынды мектеп ұстаздарын айқындау.
- білім алушыларда логикалық ойлауды дамыту, білімді біріктіруді білу және оларды стандартты емес есептерді шешу үшін қолдану;

Олимпиада қатысушылары

Математика мамандығының бакалаврларын даярлайтын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының күндізгі оқу бөлімінде оқитын 1-4 курстарының студенттері математикадан пәндік олимпиадаға қатыса алады.

Олимпиадаға ПМПУ-ға өтініш бергендер және тіркеуден өткен қатысушылар жіберіледі.

Өткізілетін күні және уақыты:

2019 жылғы 17-18 сәуір. Басталуы: **10 сағат 00 минут.**

Өткізілу орны:

Пәндік олимпиада ПМПУ-дің Торайғыров көшесі, 58-үй мекенжайы бойынша өтеді.

Олимпиаданы өткізу тәртібі:

Олимпиада 2-турда өткізіледі:

1-ші турында білімгерлерге мектеп математика курс бағдарламасы бойынша 5 тапсырма (2,5 сағат-150 мин.);

2-ші турда ЖОО курсының арнайы пәндер (алгебра, геометрия, математикалық талдау) бағдарламасы бойынша 4-тапсырма (2,5 сағат – 150 мин.) беріледі. Олимпиада қазақ тілі және орыс тілдерінде өткізіледі.

Олимпиада жеке және командалық конкурстар түрінде өткізіледі. 2-ші тур нәтижесі бойынша ең жоғарғы балл алған білімгер жеке есептегі жеңімпаз болып саналады. Командалық конкурста ЖОО-ның команданың қатысушылары барлық шешілген есептері бойынша 2 тур нәтижесінің баллдарының қосымдымысымен есептеледі.

Бірінші күні - қатысушыларды тіркеу, олимпиада ашылуының рәсімі, 1-ші турдың өткізілуі.

Екінші күні - олимпиаданың 2 туры, қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау, олимпиаданың жабылу рәсімі.

Олимпиада **топтық сынақ** түрінде өтеді, сондай-ақ жеке белсенділік көрсеткені ескеріледі.

Олимпиадаға қатысу тілі - қазақ, орыс тілдері.

Команда 3 студенттен және 1 жетекшіден құрылуы тиіс.

Олимпиадаға қатысатын студенттерге мынадай жағдайларға тыйым салынады:

- бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, тапсырмаға қатысты емес сұрақтар тек олимпиаданы ұйымдастырушы өкілдермен шешілуі қажет;

- нормативтік құжаттарды, оқу әдебиеттерін және анықтамаларды қолдануға;

- ұялы телефонды және басқа да байланыс құралдарын қолдануға;

- аудиториядан шығуға; тек ұйымдастыру комитеті өкілдерінің келісімімен немесе солардың біреуімен шығуға рұқсат етіледі.

Осы шартты бұзған қатысушылар олимпиададан шығарылады, ал олардың жұмыстары сайыста қаралмайды.

Қорытынды шығару

Бағалау өлшемдері мен балдарды санау тәртібін ұйымдастыру комитеті анықтайды. Олимпиада әділқазылары қатысушылардың орындаған тапсырмаларын тексеріп, баға береді. Әділқазылар олимпиада нәтижелері бойынша қатысушыларды марапаттауға шешім қабылдайды.

Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау

Әділқазылар Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды. Әділқазылар әр турдың қорытындысын жариялайды және тур өткізген күні жүлдегерлерді атайды. Соңғы әділқазылар шешімі шағым жасауға жатпайды. Әділқазылар шешімі жасалғаннан кейін барлық жұмыстарды бағалау туралы сұрақтарды ұйымдастыру комитетінен анықтауға болады. Жеңімпаздарды марапаттау шешімі хаттама арқылы дайындалады.

Олимпиада өткізу нәтижесі бойынша жеңімпаздар анықталады:

-үздік командалық сынақ ретінде жүреді.

-үздік жеке белсенділік үшін

Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті жүлде фондын қолдану мен тарату тәртібін анықтайды. Олимпиаданың жүлде фонды Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің қорынан бөлінеді.

Олимпиадаға қажетті материал тізімі

1. Өтінім (қатысушылардың жеке куәлік көшірмесі)
2. Кафедра отырысынның хаттама көшірмесі (ЖООішілік олимпиада қортындысы жөнінде және ЖОО команда мен жетекшісін студенттік Республикалық олимпиадасына жіберу туралы)

Олимпиадаға қатысу туралы өтінішті **2019 жылдың 1 сәуіріне** дейін *pspu_mif@mail.ru* электронды мекен-жайына жіберіңіздер.

**Математика мамандықтар бойынша
XI – Республикалық студенттік пәндік олимпиадаға қатысуға
СҰРАНЫМ**

Қала _____
ЖОО-ның толық және қысқартылған атауы _____

ЖОО байланыс ақпараты: (заңды мекен-жайы, телефоны (коды)), e-mail _____

Жетекші туралы мәлімет

№	Жетекшінің аты-жөні	лауазымы	Туған күні	Төлқұжат мәліметтері	ЖИН	e-mail, телефон

Команданың құрымы

№	Студенттердің аты-жөні	Курс, мамандық шифрі	Туған күні	Төлқұжат мәліметтері	ЖИН	e-mail, телефон
1						
2						
3						

